

№2005

8532к

Ахмет КЕНДІРБЕКҰЛЫ

Өмір,  
Өмір...

Ахмет КЕНДІРБЕКҰЛЫ

Өмір,  
Өмір...

*Өлеңдер*

“Елорда”  
Астана – 2004

821.512.122-1  
ББК 84 Қаз 7-5  
К 30

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ  
СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Кендірбекұлы А.**

**К 30** Өмір, өмір... *Өлеңдер.* — Астана:  
Елорда, 2004. — 120 бет.

ISBN 9965-06-381-8

Ахмет Кендірбекұлы — Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Халық батырлары жылының лауреаты. Ол Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен “Тәуелсіздіктің он жылдығы” медалімен наградталған.

Ақын бұл жинағында жылжып жатқан жылдар мен көшіп жатқан күндер легіндегі қоғам, адам, тағдыр, рух, тағылым мәселелерін бүгінгі күн тұрғысынан талғам таразысына тартады. Өлеңдерін көркем тілмен өрнектей отырып, қысқа да нұсқа ой түйлер арқылы оқырманын ойландырады, толғандырады, бей-жай қалдырмайды.

К  $\frac{470220202-314}{00(05)-04}$

ББК84 Қаз7-5

© Кендірбекұлы А., 2004

© “Елорда”, 2004

ISBN 9965-06-381-8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ 00613698

БІРІНШІ БӨЛІМ

КІСІЛІК  
ПЕН  
КІШІЛІК

## ЗЕР

Міне, тағы жүздестік ойлы оқырман,  
Сырларымды ұсындым ойда тұнған.  
Бір мысқал болса-дағы керегіңді ал,  
Кездерімнен өмірге ой батырған.

Куә болсын жаңа дос, көзкөргенім,  
Кітапта өшкен-өскен, өзгергенім.  
Әр өлеңім көңілге жол тапсын деп,  
Мүсіндей күні-түні көп зерледім.

Ол зерім — алтын ба, әлде, күміс пе еді,  
Әйтеуір сонда жан сыр, мұң іштегі.  
Ол менің — жүрегімнің перзенттері,  
Ол менің — маңдайымның күміс тері.

Оқысаң, жыр-тұлпарға ер салғайсың,  
Өлеңнен ұзақ жолға енші алғайсың.  
Жыр менің тағдырым да, таң нұрым да,  
Әр жолына, сырлас дос, зер салғайсың!


## КӨКИІРІМ

*Көкіірім, Көкіірім колбеу жатқан нар тектес,  
Сенсіз, қайдам, мынау оңір жарқ етпес.*

Көкіірімге келдің, тоқтамай өтпе, жарқыным,  
Сабанды бас, сабырлық сақтап, ал, тыным.  
Алақанда тұрғандай өзің сезерсің,  
Алакөл атты алтының!

Жұмақ жер осы — сыр шертетін ертегің,  
Салқар өңір, шалқар өмір ен-тегің. Анау,  
Анау еркелеген баладай,  
Таудан құлап сылқ-сылқ күлген Тентегің!

Маңғаз дала, байырқалар байтағым,  
Мықты болсаң, туған жердің айт әнін!  
Бәрі де ыстық: мынау жатқан Үшарал,  
Аралтөбе, Ақтікенім, Сайқаным!



Бәрі де ыстық: орман-тоғай, дала, бел,  
Көңіл-дүрбі шарла, шарла, бара бер.  
Сағымданып көкжиекпен астасқан,  
Сағыныш боп көрінеді Алакөл!

Бәрі де ыстық: оңы, солы, терісі,  
Таулары да, баулары да, ел іші.  
Байқап тұрсаң келерде де, кетерде,  
Бірге жүрер еркелеген Ебісі.

Мекен болған қырандар мен тектіге,  
Ұлы Алакөл, асқақтығыңмен көк тіре!  
Жолға шықсаң, Көкиірімге тоқта да, ...  
“Аман-есен оралайын” деп тіле!

\* \* \*

Тауға барсаң, заңғар ойлар қаулайды,  
Сондай асқақ болғым кеп.  
Бауға барсам, бауырмалдық баурайды,  
Әр түбіне қонғым кеп.

Көлге барсам, тілегім бар жаңа бір,  
Болсам шіркін айдынды.  
Шөлге барсам, шөлікесем де о өмір,  
Жолатпа тек қайғыңды!

\* \* \*

Тәрік қып сері-салдықты,  
Шаршадым, дертке шалдықтым.  
Шындықты іздеп шыңғырған,  
Даусым неге қарлықты?

Жадаулатып жас күнді,  
Табанымды тас тілді.  
Өмір — толқын көтеріп,  
Жағадағы тасқа ұрды.

Секемсіз саған сенгенмін,  
Сағым сынып, сенделдім.  
Ақынға қырсыз — дүние-ай,  
Жұмысы не менде елдің?  
...Қырға кетем!



## КӨКПАР

Суырылып шықты көк дөнен,  
Ат емес кейде бап шабар.  
Көкпарға мен де төнген ем,  
Жалт беріп кетті-ау, бәтшағар.

Көзімнің алдын жас қаптап,  
Тамаққа өксік бөгелді.  
Қайыра салсам қашқақтап,  
Сал қара ат, саған не болды?

Додаға түсіп топ бұзар,  
Көкпарға керек жарамды ат.  
Кеттің ғой шіркін босқа ұзап,  
Арам қат, қара ат, арам қат.

Үргедектене үркеді,  
Тәңір-ау неткен сорлылық.  
Дом неме құртты діңкені,  
Додаға кірмей болдырып.

Келдім мен сонда тоқтамға,  
Адамдар бар-ау досым-ай.  
Түскенде өмір — көкпарға,  
Жалт беріп кетер осылай.

\* \* \*

Арман да арман, арман бар,  
Армандай алмай қалған бар.  
Жетем десең де,  
Тепендесең де,  
Жеткізбейтін жалған бар.

Арман да арман, арман бар,  
Қанаты талып қалған бар.  
Заңғардамын деп,  
Таңғалмадым деп,  
Аллаға аян алданба ар!

Арман да арман, арман бар,  
Армансыз бірің қалмаңдар.  
Бүгінге жеттік, тәубе,  
Ілгері кеттік, тәубе,  
Арманға дейін алла оңғар!



\* \* \*

Азаматқа бұл жалғанда артылады-ау нелер сын,  
Табаныңа тас батырмай, шығара ма кемел шың.  
Жалын болсаң — жанып барып, жанып барып  
сөнерсің,  
Дарын болсаң — дарабоздай бәйге алдынан келерсің.

Күнде ұшады жыр-кеудемнен үміт атты көгершін,  
Жігеріңмен жауынды да, дауылды да жеңерсің.  
Адам болсаң — адалдықтың есігінен енерсің,  
Арам болсаң — надандықтың кесірінен өлерсің.

Азаматқа қарап тұрсаң артылады-ау нелер сын,  
Ақылыңа, айбатыңа, қайратыңа сенерсің.  
Ерде болсаң — соңыңыздан ел ерсін де көгерсін,  
Пенде болсаң — сордың бәрін маңдайыңнан  
көресің.

## АЛАКӨЛ

Басы да ұран, сөзімнің аяғы да,  
Алакөл деп келемін баяғыдан.  
Жырымен де, жүректің сырымен де,  
Алты алашқа даңқыңды жаяды ұлан!

Атыңнан-ақ өзіме айбар табам,  
Аумай қалам ақ алмас айбалтадан.  
Ай барсам да, жер жүзін айналсам да,  
Алакөлдей айдынды қайдан табам?

Алматыда жолықсам өзге естімен,  
Жүрегімнің аңсауын сезбес білем.  
Көздерінді сағынам жаудыраған,  
Өздерінді мен қайдан кездестірем?

Сағыныш көп кеудемде тарампаған,  
Туған жерге қиялмен бара қалам.  
...Алакөлім әу жақта аман ба деп,  
Алатаудың басынан қарап алам.



\* \* \*

Алакөлде ауа да асыл, құм да асыл,  
Шалқыр көңіл жасайтындай мың ғасыр.  
Табиғаттың тамашасы тамсантип,  
Таңға дейін тағы да көз жұмбас ұл.

Майда толқын құшып — сүйіп жағаны,  
Жағажай да жанға жағып барады.  
Ақ айдында асыр салған жігітке,  
Ару біткен аңтарыла қарады.

Алакөлде ауа да асыл, жаға сән,  
Көз тоймайды күніге мың қарасаң,  
О туған ел, толқынындай мына бір,  
Мен де сенің қажетіңе жарасам.

### АЛАКӨЛДІҢ АЗАМАТТАРЫ

Елдігі бар тонның ішкі бауындай,  
Кендігі бар бірге туған бауырдай.  
Орлігі бар Жоңғар Алатауындай,  
Алакөлдің азаматтары.


Жігері бар — күркіреген Қабанбай,  
Тілегі бар жаңа туған балаңдай.  
Жүрегі бар кең жайылған даламдай,  
Алакөлдің азаматтары.

Орені бар таудың ерен тасындай,  
Онері бар қыздың өрген шашындай.  
Сенері бар ар-иманы — асылдай,  
Алакөлдің азаматтары.

Пейілі аппақ қардай, сезімдей,  
Мейірі бар ақ ботаның көзіндей.  
Кей ұлы бар Абылайдың өзіндей,  
Алакөлдің азаматтары.

### АЛАШҚА АЙБЫН АҢЫРАҚАЙ

Аңырақай, Аңырақай — Ар мен Анттың тоғысы,  
Аңырақай — алау атқан жүректердің соғысы.  
Аңыраған ана уанған,  
Абдыраған ел қуанған,



Алашымның аруақты қонысы,  
Ата тарих — қымбат бізге сонысы.

Аңырақай, Аңырақай — шайқастың шын иесі,  
Ақ сауытты ер — арпалысқа тиесі.  
Андыздап бір соғып өткен,  
Аждаһаның есі кеткен,  
Аңырады босап буын-жүйесі,  
Атып ұрды хақ Алланың киесі.

Аңырақай, Аңырақай — Абыз аңыз шертеді,  
Ақберендер атқа мінген өрт еді.  
Алдаспанын Айға жанып,  
Адырнасын Күнге малып,  
Азаланған арда елінің ертеңін,  
Азат ету — Көкбөрінің серті еді.


Аңырақай, Аңырақай — Азаттықтың алауы,  
Алты алаштың Тәңірінен қалауы.  
“Абылайлап” ер ұмтылды,  
Ақындарым керім тілді,  
Арғымақтай келіскен бір жарауы,  
Аспан асты — Жеңіс-жырдың жалауы.

Аңырақай, Аңырақай, атырапқа бар да үңіл,  
Ақбоздардың арбақ ізі тасқа түсіп қалды бір.  
Арада өтті сан ғасырлар,  
Ардақ тұтқан қандасың бар,  
Аңырақай, Аңырақай — атауында бар ғұмыр,  
Аңырақай — атойлаған әр жүректе Ар-дүбір!

## МЫҢ БАЛА

Ғасырлар сыр шерткен өткеннен мұңдана,  
Елім деп күңіренген домбыра-жыр-дала.  
Найзағай секілді жарқ етті жауына,  
Сартайдай батырдың соңында мың бала.

Сәмбі тал, жас құрақ төрізді мың бала,  
Алашқа жарасқан қыз-көрік, ұл-дана.  
Мәңгі өлмес ерлікті, өрлікті бүгінге,  
Жеткізген жоғалтпай ғажап-ау бұл дала!



Күш-жігер, өр намыс солардан іздерміз,  
Егемен, азатты, тәуелсіз ізгі елміз.  
Көк байрақ — қыран, Күн көгімде шалқыған,  
Мың бала ұрпағы — миллион біздерміз!

### АҢСАУ

Таң атқанда ойнап жатса Әнұран,  
Мен кішкентай Отанымды сағынам.  
Туған елдің босағасы, жігіттер,  
Артық екен ханның алтын тағынан.

Артық екен Сайқаны да, Ебісі,  
Берекеге бөгіп жатқан ел іші.  
Аман ба өзі ақсақалды абыздар,  
Аман бе екен тентегі мен телісі.

Күніне ойға оралатын мың рет,  
Орнында ма Алакөлім-қүдірет.  
Жүрегімді сезім-күйге толтырып,  
Өн-бойыма тарататын жылы леп.


Сол жылы леп күш дарытар адамға,  
Сол жылы леп ғашық етті ғаламға.  
Қашан көрсем көңіл төрін ұсынған,  
Аңсай күтер ағаларым аман ба?

Артық, кем де, өзің біл не десең де,  
Алакөлмен өсемін мен өшем де.  
Маған арнап сыбағасын сақтаған,  
Апа, әпке, жеңгелерім есен бе?

Қалпында ма тауым, көлім, беткейім,  
Аңсадым-ау, қалай жасты төкпейін.  
...Дәл қасыңда жүрген кезде білмедім,  
Қадіріңді түсіндім-ау көп кейін!

### АРҒЫМАҚ

Тілімізді басқан кезде жар құлап,  
Туды Қоғам туған айдай балбырап.  
“Қазақ тілі” — донен, құнан, тай емес,  
Туғаннан-ақ тулап жүрген арғымақ!



Таразыға тартылғанда ар, мұрат,  
Шыққан еді бір үмітке қарғып-ақ.  
“Қазақ тілі” — он жастағы бала емес,  
Ойшыл қоғам — он жастағы арғымақ.

Сол арғымақ тұяғынан от шашқан,  
Ата сөзге, ана тілге тоқтасқан.  
Қоржынына “Киіз кітап” салып ап,  
Тілімізді тазартып жүр тот басқан.

Шаба бергін шын тұлпарым, киелім,  
Сенсің менің әркез арқа сүйерім.  
Сол арғымақ тілін, ділін ардақтап,  
Дүбірімен оятып жүр жиі елін!

\* \* \*

Асықпа дейді ағалар маған,  
Жас болып бәлкім қалғысы келіп.  
Уақыт мені талай алдаған,  
Үлесін көптеу алғысы келіп.


Қызулы күндер-сызылды күндер,  
Күтіп те тұрмас от алдан.  
Алқара күзде үзілді гүлдер,  
Бақытты қайта ете алман.

Жеткізбес жүрдек бұл өмір тегі,  
Қорықсам-дағы торықсам.  
Бос болмасын тек жүрегім төрі,  
Жақсы адамдармен жолықсам.

### АУРУХАНА АРБАСЫ

Тірлік деген нәзік жіпке жалғана,  
Бірде сеніп, бірде үмітке алдана.  
Аурухана. Ұзын сонар дәлізбен,  
Тағдыр кетіп бара жатыр арбада.

Ақын ба әлде, әкім бе әлде, қара ма.  
Түрлі сауал қона қалар санаға.  
Кімде болса, бәлкім оны соңғы рет,  
Бесік арба қимай шайқап бара ма?



Мүмкін түсер өмір-өзен арнаға,  
Күреңітіп қалды жары, қалды ана.  
Пәни, бақи минут сайын алмасып,  
Тағдыр кетіп бара жатыр арбада.

Коз алмайсың алыстаған арбадан,  
Өмір сағым осы екен ғой алдаған.  
Қолдан келер қайраның жоқ, қайтесің,  
Дәрігерге қуат берсін Алладан.

Ниетінді жырға қосып, досқа айтып,  
Одан басқа отырасың қоспай түк.  
Тағдырларды тастап кетіп, ей, Арба,  
Жылатпашы, салдыр-салдыр бос қайтып!

\* \* \*

Ауырмандар, жігіттер, ауырмандар,  
Бізді күткен, қалалар, ауылдар бар.  
Қимайтұғын қарындас, өпкелер мен  
аңсайтұғын ағалар, бауырлар бар.

Елендеген ертеңгі күніміз бар,  
Сыйлайтұғын алқызыл гүліміз бар.  
Досың, жарың, ұрпағың қасында тұр,  
Одан басқа тірлікте кіміміз бар?

Ауырмандар, тезірек сауығындар,  
Алда талай дауыл мен жауының бар.  
Бір ғана денсаулықтың арқасында,  
Коретін көктем, қызық, дәуірің бар.

Ауырмандар, жігіттер, ауырмайық,  
Ғұмыр кешсек болғаны тәуір, лайық.  
...Өмір — теңіз, байқайық ауып түсер,  
Тағдыр деген жүгі бар ауыр қайық.

\* \* \*

Бесігінен белгілі ғой ер бөбек,  
О туған жер, пейіліңді бер бөлек.  
Алты алаштың алашағын ойласын,  
Қолтығынан жүрсін дәйім ел демеп.



Бопса болмай, байыптасын бөнен ой,  
Елдің мұңы жүректегі жара ғой.  
Балаларын дана көрген халықпыз,  
Жанам десең, жарық болып жана ғой.

Тұғыры мен тұрқы бөлек текті ұлан,  
Бесігіме бітсе сондай деп тұрам.  
Біздің дала тауыменен тұлғалы,  
Мекендейтін шыңдарында тек қыран.

\* \* \*

Бір жыл өтті, жылжып өтті ақырын,  
Не бітірдің?  
Көп ұтылдың ақыным.  
Самайыңа аппақ қырау қонақтап,  
Тағы да бір жас қосылды батырым!

Бір жыл өтті, жылжып өтті білінбей,  
Мұндандырды, жындандырды күнім кей,  
Салқын күнім қалсын өткен жылымда,  
Қаламыма жарқын Жырым ілінгей!

Бір жыл өтті, жылжып өтті ақырын,  
Сүйре ілгері Қайратым мен Ақылым,  
Келе берсін,  
Ене берсін келер күн,  
Келмесін тек бақытсыздық жат ұрын!

\* \* \*

Бір ісіңнің кетер болса кетеуі,  
Қас қаққанша дүйім жұртқа жетеді.  
Құлақтарын қайшылайды қалың ел,  
Саған өтіп кеткендей бір өтері.

Бір ісіңнің бағы жанса оңыңнан,  
Самарқау кеп, қол қысады соңыңнан.  
Кекіреніп, мекіреніп тіл қатар,  
“Е, болар бала, болар бала боғынан”.

Өмірдің бір әп-әдемі бояуы,  
Мәнін, құнын кейде солай жояды.  
Жақсылықты естімейді жұрт тегі,  
Жамандықты керең де естіп қояды.

\* \* \*

Бір күн қызық бір күніңнен, бір ай қызық бір  
айдан,  
Қарқ-қарқ күлген күндерім көп, түндерім көп  
мұңайған.  
Коген емес, байлығыңа, барлығыңа жол ашар,  
Олең сұрап алып едім алғаш рет Құдайдан.

Жазу солай қанша жерден жәбірленбе, жәбірлен,  
Пейіш берер пейіліңе соның бәрі әмірден.  
Қой емес-ау, мыңғыратын ойда, қырда, беткейде,  
Тек ой ғана сұрап едім екінші рет Тәңірден.

Текетірес бұл тірлікте тас атса да тасадан,  
Тас орнына ас беретін мен болайын асабаң.  
Жылқы емес-ау, жусап жатар жұлдызындай  
аспанның,  
Күлкі, шаттық сұрап едім үшінші рет Жасаған!

Төртіншіден қанағат бер, риза болар барға адам,  
Бердің бәрін. Басымды идім! Өмірімді арнағам.  
Төрт асыл бар. Бесіншісін және қишы пендене;  
Қуат бер деп тілеп жүрмін күндіз-түні Алладан!

## БІР ТҮП ӨРІК

Тереземнің алдында бір түп өрік,  
Қарашадан қалтырап тұр түнеріп.  
Жапырағын сап-сары жұла бермей,  
Ақ жауын-ау, берсеңші бір күн ерік.

Бір түп өрік қалтырап қарашадан,  
Жылайды екен мұндайда балаша адам.  
Болмеме кір, бөлейін шуағыма,  
Ақыр пана болмаса дала саған.

Тереземнің алдында бір түп өрік,  
Қарашадан қалтырап тұр түнеріп...

## БОЯУЛАР

Дейді жұрттар маған осы “Өмірді үк”,  
Өмірге тән қызыл, жасыл, қоңырлық.  
Қызыл деген лап ететін жалын ол,  
Оған тән ғой, сезім кейде содырлық.

Қып-қызыл ғой кәдімгі асыл қанды алсаң,  
Қып-қызыл өрт жолың таппай сандалсаң.  
Қызыл көрсең көп қызықпа, сәл тоқта,  
Сондықтан да қызыл түсті — бағдаршам!

Ал жасыл түс жайлауындай даламның,  
Жасыл жылдар — жолдары ғой баламның.  
Бірақ мәңгі жасылдық жоқ ғаламда,  
Түбі ақиқат сарғаяры адамның.

Ал қоңыр түс — кемел ақыл, кемел ой,  
Ол — Әйтеке, ол — Қазыбек, Төле ғой.  
Қоңырлық ол әбден толып жетілген,  
Адамдықтан болмайды онда бөлек ой.

Өмір кейде от пен суға түсіріп,  
Кейде аспанға қыран құсша ұшырып.  
Сондай кезде пендеге әділ төреші,  
Қоңыр түс ол — кісілік пен кішілік!


Өмір сүрсең, елінді сүй, өнерді үк,  
Сол арқылы танылады өрендік.  
Оңайлықпен пешенеге бітпейді,  
Қоңыр түс ол — биіктік пен тереңдік!

\* \* \*

Бұл тірлікті өзіміз қиындатып,  
Миың қатып жүргені миың қатып.  
Жырың да жоқ, пенделік құның да жоқ,  
Теңге өмірді алыппыз тиындатып.

Ойлайтындай ой да жоқ миыңда түк,  
Сол жүргенің бір ізді шиырлатып.





Өз-өзіңмен күбірлеп отырғаның,  
Көрер көзге шалынбай қиырда түк.

Арман — кемең қалғандай қиыр батып,  
Бос жүресің күндерді жиі ұрлатып.  
...Миың қатып жүргенде...  
Асау өмір өтеді-ау құйындатып.

## ДҮНИЕ

Шапқан аттай ағынға,  
Ала қашқан дүние-ай.  
Жастық шағым сағымға,  
Араласқан дүние-ай.

Кешегі бал күндерді,  
Қалдырмаған дүние-ай.  
Тәтті кезден бір белгі,  
Алдырмаған дүние-ай.


Жігіт болып жүйрікті,  
Баптап мінген дүние-ай.  
Өтпейтіндей тірлікті,  
Сақ-сақ күлген дүние-ай.

Бірде ысып, бір тонған,  
Көңіл осы дүние-ай.  
Жолаушыдай бір қонған,  
Өмір осы дүние-ай!

## ЕҢЛІК

Сонау, сонау аспан асты тауларда,  
Еңлік гүл өседі екен заңғарда.  
Аппақ қардай, аппақ ардай сол гүлді,  
Көргенің де, көрмеген де арманда.

Тазалықты тамырына жиып көп,  
Аяқ асты қалмайын деп күйік боп.  
Шаң-тозанды тал бойына дарытпай,  
Еңлік гүл кетеді екен биіктеп.



Ақ лағылдай тау басында өріліп,  
Адалдықтың жалауындай сезіліп,  
Биіктікке адамдарды шақырып,  
Түү заңғарда өсіп тұрар Еңілік!

Содан бізге шапағаттар себіліп,  
Тұратындай аппақ сәуле беріліп.  
Кісілік пен кішіліктің шыңында  
Өрбір адам болса шіркін Еңілік!

\* \* \*

Еңкейіп екіндіге күн ауғанша,  
Қу жанға түседі екен бұрау қанша?  
Пәнидің өтпе-кетпе дәуреніне,  
Жырларын арнамады жырау қанша.

Сырғанап ұясына күн қонарда,  
Көңіл бір уықтары сынған орда.  
Төңірек қып-қызыл боп жалын атар,  
Торқауы тоқсан толғау түн боларда.


Сол бір сәт жанарыңа жас ілініп,  
Айналар құмдауытқа тас ірілік.  
Қызыл күн биік тауға иек сүйер,  
Сонан соң кете берер жасырынып.

\* \* \*

Жасыр мейлі, өзге жұрттан жасырма,  
Біздің жастық қалды өткен ғасырда.  
Қалқам, оны ешкім бізге қайтармас,  
Айырбастап алар едік асылға.

Талай орап ақ сезімді жырларға,  
Гүл тергенбіз қызғалдақты қырларда.  
Қалқам, біздің жастығымыз қап қойды,  
Сонау жасыл, сонау асыл жылдарда.

Алдымызда арман көп деп жүргенде,  
Жастық, жастық зулап өтті бір демде.  
Қалқам, біздің жастығымыз қап қойды,  
Сонау жалын, сонау қалың күндерде.



Сол күндерден бір-ақ белгі бар менде,  
Қалқам, саған бата алмаймын “ал” деуге.  
Ол — жүрегім. Тарс-тарс соқты, о тоба,  
Неге, неге корінді оған тар кеуде?!.

### ЖАУАПТАСУ

— Елеңдей берем ел жаққа,  
Елеңдей берем көл жаққа.  
Елегізе беретін,  
Не қалдырдым ол жақта?

Сағына берем тауымды,  
Сағына берем қауымды.  
Сағынышқа оранып,  
Жүрегім неге ауырды?

Тат басқандай алтынды,  
Төзімім неге сарқылды?  
Шағаладай шаңқылдап,  
Көңілім неге шарқ ұрды?


— Жауабым дайын, жан құрбым,  
Иіне көніп тағдырдың.  
Елегізген ел жақта,  
Балалықты қалдырдың.

Өзінді теңеп барысқа,  
Талаймен түстің жарысқа.  
Сағыныш болып жүретін,  
Жігіттік қалды-ау алыста.

Елеңдеткен ел жаққа,  
Алаңдатқан көл жаққа.  
Қайрылып қайта келмейтін,  
Жылдарың қалды-ау ол жақта!

### ЖЕЛТОҚСАН

Көрінбес түрім де ерен, үнім де ерен,  
Жүректің жарқылынан жырымды өрем.  
Желінен желтоқсанның жаурап біткен,  
Жалқы өскен жапырақтың күйін көрем.



Білемін желтоқсанда ызғар барын,  
Білемін ар-айдында мұз қалғанын.  
Есімде бір оқиға шындық іздеп,  
Алдына ақиқаттың жүз барғаным.

Ойласам сол күндерді мұздар қаным,  
Сөндірді талай боздақ ізгі арманын.  
Тілейді елім менің ежелгідей,  
Соңында намыс қуар ұл қалғанын.

Желтоқсан жылуы жоқ мұндар айым,  
Басқа емес, сырлы жебе жырды алайын.  
Уақыт көрік тектес жалын шашқан,  
Шалғыдай шауып түсер шыңдалайын.

Көрінбес түрім де ерен, үнім де ерен,  
Кей жұртқа жақпай жүрмін бүгінде мен.  
...Жапырақ емеспін мен дірілдеген,  
Қызулы қарағанмын дүрілдеген.

## ІҢІР

Миуа түн мерей шашты таралып,  
Келеді екен осындайда ой кезгің.  
Қаңғи-қаңғи жел айдаған қара бұлт.  
Жұлдыздарды сөндіреді беймезгіл.

Ақиықтай төмен қарай шүйіле,  
Қара бұлтты жарып өтті бір жұлдыз.  
Кеш оралған жолаушыдай үйіне,  
Өз қақпасын тықылдатып тұрды қыз.

Кезергенде кеудем менің жыр тілеп,  
Жаздың жылы жаңбыры да төгілді.  
...Қара іңірде аспан асты күркіреп,  
Әлдеқайда бұлт етегі сөгілді.

## ЖІГІТ. ӘЙЕЛ. АЛТЫН. (Сенеканың ізімен)

Мақтанса, күнге шығып, ай өрлеген,  
Алдына жан салмайды-ау, әй, ел деген.  
Жігіттердің мәрттігін майданда емес,  
Сынау керек кәдімгі әйелменен.



Сойлесе, сөзін естіп, парқын көрем,  
Ару жайлы жазылар тартымды өлең.  
Әйелдің пәктігі мен адалдығын,  
Сынау керек кәдімгі алтынменен.

Алтын, алтын, әйелдей гүлді әрлеген,  
Бағасы саналатын мыңдарменен.  
Алтынның қадірі мен қасиетін,  
Сынау керек... ұза-а-а-қ, ұзақ жылдарменен.

## ЖІГІТТЕР

Жігіттер-ай, шетімізден кіл мықты,  
Түншықтыра береміз бе шындықты.  
Жер шұқылап тұрғанымыз қашан да,  
Көп жасаған адамдардай ұрлықты.

Жамырап бір кетуге де жарамай,  
Отырамыз зәбір көрген баладай.  
Жігітіңді мігіт еткен заман-ай,  
Қаныңа да, жаныңа да қарамай.


Жігіттер-ай, не боламыз, не болдық,  
Елдің мұңын айта алмастан жоғалдық.  
Төрт көзіміз түгел кезде тапталып,  
Тоналмайтын жерде тағы тоналдық.

Бәрімізден, нәрімізден үмітті ел,  
Ешкім бізге ұсынбайды күліп төр.  
Ауырлықтан, жауырлықтан кей кезде,  
Қара жер де сілкінбей ме, ей, жігіттер!

\* \* \*

Жоқты іздетіп, жаныма барды қинап,  
Тірлігіме ұйқысыз күндер сыйлап.  
Тас қашаған зергердей сөзге үңіліп,  
Жұртқа сонда бергенім жалғыз жинақ.

Сөз түсінер дедім де құлақты тап,  
Сөніп қалған сезімді бір-ақ тұтат.  
Танды таңға ұрғанда шабыт іздеп,  
Елге сонда бергенім бір-ақ кітап.



Соны ойласам көңілдің қаяуы бар,  
Өкінбен деп қоямын аяуы бар.  
...Бұл өмірдің өзі де бір-ақ кітап,  
Басы бар, ортасы бар, аяғы бар.

## ЖЫЛЫЛЫҚ

Анық білем жылылық бар көктемде,  
Жылы жаңбыр себелеп бір төккенде.  
Өн — бойыңа жылылық боп тарайды,  
Әке-шешең маңдайыңнан өпкенде.

Жылылық боп әлдилейді арманың,  
Жылы бәрі: балаң, қара орманың.  
Тас үйіңнің тас ошағын жылытқан,  
Әрине ыстық құшып-сүйіп алғаның.

Одан кейін жылылық бар Отанда,  
Ыстық бар маң: көлің, тауың, жотаң да.  
Маған ыстық ұшқан құс та, аспанда,  
Қоңыр қозы, жәудіреген ботаң да.


Жылылық ол — қарт өмірдің сабағы,  
Көзден жас та жылы болып тамады.  
Мына өмірді суытады тек қана,  
Жүрегі мұз адамдардың қабағы.

## ЖОЛДАР

Көрінбейтін ұшы мен қиыры,  
Біздің жолдар қиынның бір қиыны.  
Қыранның да қанаттары талады,  
Қазанаттың солқылдайды бүйірі.

Бірде бауға, бірде тауға ентелеп,  
Бірде шөлге, бірде көлге еркелеп.  
Біздің жолдар иір-қиыр таусылмас,  
Жүрсең -дағы түн қатып та, ертелеп.

Көктем, жазда, кемелденген күзімде,  
Ажыратып көргеміз жоқ біз ірге.



Жолдар мені бастап барды бақытқа,  
Жолдар мені адастырды үзілген.

Биыл бізде қар да қалың, қыс қатты,  
Атқа мініп, шолып қайттым тыс жақты.  
Міне, ғажап! Сайрап жатқан жолдар жоқ!  
... Болжай алмас...  
Тағдырымды ұқсатты!

\* \* \*

Кейбір кезде сыймай кетсем кемерге,  
Бұлданды деп ойлай көрме мені елге.  
Шалқар шаттық шаттығынан шарқ ұрып,  
Еркелесем еркелермін өлеңге.  
Былайғы жұрт әсте оған сенер ме?

Анда-санда найзағайша көк тіліп,  
Бұлғап-бұлғап семсер жырға отты іліп.  
Шуылдатып шуда-шуда бұлттарды,  
Жібергенде бұл жаһаннан жоқ қылып.  
Жанарларын жұмбай қалды көп күдік.

Жаулап алып жыр-кеудемді күшті ағын,  
Қырдан шығып қыран болып ұшқаным.  
Заңғар көкте зулағаным ұнамай,  
Қалтарыстан тас атады дұшпаным,  
Қайтсем жұрттың осынау бір тұстарын.

Зәулімдерден сыр шашайын мен елге,  
Қарқылдаған қарғалар жүр төменде.  
Ақиықтай тау-құзынды жаңғыртып,  
Өрнек салам мәңгі өлмейтін өнерге.  
Алакөлше сыймай жатам кемерге!

## КІМДЕР?

Бірін-бірі күндеп жүрген кімдер,  
Сырын бүгіп жүндеп жүрген кімдер,  
Сүріндіріп, тілдеп жүрген кімдер?  
Біздер.

Бірімен-бірі айқасып жүрген кімдер,  
Күні-түні шайқасып жүрген кімдер,  
Ірі мен пілі байқасып жүрген кімдер?  
Біздер.

Бір-бірімен шалысып жүрген кімдер,  
Шындығымен алысып жүрген кімдер,  
Ұл-қызымен әлі ішіп жүрген кімдер?  
Біздер.

Өзді-өзімен шатысып жүрген кімдер,  
Көздерімен атысып жүрген кімдер,  
Сөздерімен сатысып жүрген кімдер?  
Біздер.

Біздер, біздер, біздер  
Қашан ел болар екенбіз!

### КӨП ОЙЛАНДЫМ...

Көп ойландым шашыма ақ кіргелі,  
Ақ кіргені бұл мүмкін бақ кіргені.  
Ұлы өмірдің алдында тізерлеткен,  
Мына уақыт осынша тапқыр ма еді?

Көп ойландым айнамен сырластым да,  
Шыныменен қыраулы қырға астым ба?  
Кемел жасқа жетпей-ақ қылаң ұрып,  
Мазағына қалдым-ау құрдастың да.

Кезіктім бе терең ой арылмасқа,  
Ақ кіргені — бұл сірә дабыл басқа.  
Жолықса жанарымен жаныңды өртер,  
Не айтамын қара көз қарындасқа.

Болжаусыз қалай екен ақ кіргені,  
Не де болса ертерек қақты іргені.  
Дударбас, жырың қанбай жүруші едің,  
Беймезгіл тағы-тағы таптың нені?

Ақ кіргелі көңілдің қошы бөтен,  
Не де болса алдыдан тосып өтем.  
Заңғарларда қашаннан қар жатады,  
Тау құсап тұлғалану осы ма екен?